



"Мүлікке салық салуды есептеу және төлеу тәртібі туралы" 1995 жылғы 27 маусымдағы N 38 ~V950071 нұсқаулығына өзгеріс және толықтыру енгізу

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылғы 21 сәуірдегі N 79. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 мамырда тіркелді . Тіркеу N 42. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

24. "Мүлік салығын салуды есептеу және төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Бас салық инспекциясының N 38 Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997 жылғы 21 сәуірдегі N 79 V970042_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997 жылғы
21 сәуірдегі N 79
бұйрығына 1 қосымша

1. 18 тармақтың IV тарауы мынадай мазмұндағы 6 тармақшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетімен шарттасқан контрактіге сәйкес салық төлеушілер:

осы нұсқаулықтың 4 тармағының негізгі ставкаларына сәйкес контракт жасасқан күннен 5 жылғы мерзімге дейін 100%;

басқа мерзімге дейін осы нұсқаулықтың 4 тармағының негізгі ставкаларына сәйкес контракт жасасқан күннен 5 жылғы мерзімге дейін 50%.

Мүлікке салық салу бойынша жеңілдік берудің нақты мерзімі мен мөлшері

әрбір салық төлеушіге контракт бойынша басымдылығына, уақытына және жобаның пайдалығына байланысты белгіленеді.

Осыған байланысты жеңілдік берілген контрактіні бұзған кезде мүлік салығы есептеуге және салық төлеушінің барлық қызмет мерзіміндегі Қазақстан Республикасының салық заңында көзделген тиісті айыппұл санкциясын қолданып бюджетке төлемі жатады, яғни әрбір ұзартылған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қосымша қаржы ставкасының 1,5 есе мөлшеріндегі өсімі есептеліп мүлік салығының барлық сомасы өндіріліп алынады".

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Салық
комитетінің төрағасы